

**"TodayFinanceKazakhstan" шағын  
қаржылық ұйымы" ЖШС-ның  
Жарғысына сәйкес  
Жоғарғы органның  
2022 жылдың "05" қаңтарындағы  
№1 шешімімен бекітілген**

## **ШАҒЫН НЕСИЕЛЕРДІ ҰСЫНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**"TodayFinanceKazakhstan" шағын қаржылық  
ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

## МАЗМҰНЫ

<b>1-тарау. Жалпы ережелер.....</b>	<b>3</b>
1-бап. Жалпы ережелер.....	3
2-бап. Негізгі терминдер мен қысқартылған сөздер.....	3
<b>2-тарау. Жеке кабинетті тіркеу, өтініш беру, шағын несиені беру тәртібі .....</b>	<b>4</b>
3-бап. Жеке кабинетті тіркеу, өтініш беру.....	4
4-бап. Өтінімді/Офертаны қарастыру тәртібі.....	5
5-бап. Шағын несие ұсыну туралы келісімшартты жасасу тәртібі .....	6
<b>3-тарау. Шекті сомалар, мерзімі, сыйақы мөлшерлемелері, тұрақсыздық айыппұлы. Несиелік құжаттаманы қалыптастыру .....</b>	<b>7</b>
6-бап. Шекті сомалар және несиелендіру мерзімі.....	7
7-бап. Ұсынылатын шағын несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары .....	7
8-бап. Ұсынылатын шағын несиелер бойынша сыйақы төлеу тәртібі.....	7
9-бап. Тұрақсыздық айыппұлын есептеу тәртібі және мерзімі кешіктірілген берешекті өтеу кезектілігі .....	7
10-бап. Шағын қаржылық ұйымының қамтамасыз ету мүлкіне қатысты қоятын талаптары.....	8
11-бап. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері .....	8
12-бап. Несиелік құжаттаманы қалыптастыру .....	8
<b>4-тарау. Алынған несие бойынша қызмет көрсету .....</b>	<b>9</b>
13-бап. Шағын несиені өтеу тәртібі мен әдістері, шағын несиенің шарттарын өзгерту.....	9
14-бап. Мерзімі кешіктірілген берешекпен жұмыс істеу тәртібі .....	10
<b>5-тарау. Өтінім берушінің, Қарыз алушы мен Қарыз берушінің құқықтары мен міндеттері. Қорытынды ережелер.....</b>	<b>10</b>
15-бап. Өтінім берушінің, Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері .....	10
16-бап. Қарыз берушінің құқықтары мен міндеттері .....	11
17-бап. Қорытынды ережелер.....	13

## 1-тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Жалпы ережелер

1. "TodayFinanceKazakhstan" шағын қаржылық ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің осы Электронды әдіспен шағын несиені ұсыну ережелері (бұдан әрі - Ережелер) ҚР заңнамасына және "TodayFinanceKazakhstan" шағын қаржылық ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Қарыз беруші) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.
2. Ережелерде жеке тұлғаларға [tengebai.kz](http://tengebai.kz) сайтында, сонымен бірге ұялы қосымша арқылы, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен, қамсыздандыру затынсыз, қырық бес күнтізбелік күнге, республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржылық жылға арнап белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселік мөлшерінен аспайтын мөлшерде, төлену, мерзімін белгілеу және қайтарылу шарттарымен ұсынудың тәртібі мен шарттары айқындалған .
3. Осы Ережелер Қарыз берушінің сайтында танысу үшін жайғастырылған, олар Қарыз беруші мен Қарыз алушының өзара жасасқан Шағын несиені ұсыну туралы келісімшартының (бұдан әрі - Келісімшарт) ажырамас бөлігі болып табылады.

### 2-бап. Негізгі терминдер мен қысқартылған сөздер

4. Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ұғымдар, сондай-ақ төмендегідей терминдер мен қысқартылған сөздер қолданылған:

**Акцент** – Қарыз берушінің Өтінім берушінің/Қарыз алушының Оферта шарттарымен келісуі, ол мұндай келісімін Өтінім берушіге/Қарыз алушыға шағын несиені осы Ережелерде көрсетілген мерзім мен тәртіппен аударуы арқылы білдіреді.

**Верификация** – белгілі бір Өтінім берушінің/Қарыз алушының ұсынған деректерінің дұрыстығын айқаспа түрде тексеру процесі.

**Сыйақы** – Қарыз берушіге шағын несиені пайдаланғаны үшін берілетін төлем, ол Қарыз берушіге тиесілі ақшадан берілген шағын несиенің сомасына қатысты пайыздық қатынаспен айқындалады.

**Келісімшарт** – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес ресімделген, Қарыз беруші мен Қарыз алушының өзара жасасқан, өзінде шағын несиенің ұсынылуы туралы ақпарат, тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген құжат, осы құжаттың негізінде Қарыз беруші Қарыз алушыға төлену, мерзімін белгілеу және қайтарылу шартымен шағын несиені ұсынады.

**Қарыз алушы** – алынған шағын несиені қайтару міндеттемесін қабылдап және оның қайтарылатынына, сондай-ақ Келісімшартпен көзделген өзге міндеттемелердің орындалатынына кепілдік беретін жеке тұлға.

**Қарыз беруші** – шағын қаржылық қызметті жүзеге асыратын, Қарыз алушымен келісімшарт жасасқан "TodayFinanceKazakhstan" шағын қаржылық ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Өтінім беруші** – Қарыз берушінің сайтында Өтінім/Оферта беру арқылы онымен Келісімшарт жасасуды және оған қол қоюды көздеп отырған және тиісті уәкілеттігі бар жеке тұлға.

**Өтінім** – Қарыз берушінің сайтында, ұялы қосымшасында жайғастырылған ақпаратты жинауға және жүйеге келтіруге арналған, шағын несиені ұсыну немесе ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті нысан.

**Несиені өтеу қабілеті** - Өтінім берушінің/Қарыз алушының борыштық міндеттемелермен толығымен және уақытында есеп айырысып отыру қабілеті.

**Несиелік бюро** – несиелік тарихты қалыптастыру, несиелік есеп беру қызметтерін және заңнамамен және/немесе несиелік бюролар мен Қарыз берушінің өзара жасасқан келісімшарттарымен көзделген өзге де қызметтерді ұсынатын ұйымдар.

**Жеке кабинет** - сайттың, ұялы қосымшаның Өтінім беруші/Қарыз алушы туралы ақпаратты қамтыған, көпшіліктің қатынауы үшін жабық, Өтінім берушінің/Қарыз алушының шағын несиені электронды әдіспен алумен, қайтарумен байланысты іс-қимылдарды жасауына арналған бөлімі.

**Шағын несие** - Қарыз алушыға қамсыздандыру затынсыз ҚР заңнамасы мен Келісімшартпен белгіленген мөлшер мен тәртіппен, төлену, мерзімін белгілеу және қайтарылу шартымен, ұлттық валютада ұсынылатын ақшалай қаражаттар.

**Оферта** - Өтінім берушінің/Қарыз алушының Қарыз берушіге жіберетін Өтінімінде қамтылған осы Ережелердің шарттарымен Келісімшарт жасасу туралы ұсыныс.

**Тіркелу** - Өтінім берушінің/Қарыз алушының сайтта, ұялы қосымшада өзінің нәтижесінде Өтінім беруші/Қарыз алушы сәйкестендіріліп және оның профилі ашылатын ақпаратты ұсыну процесі.

**Сайт** - "TodayFinanceKazakhstan" шағын қаржылық ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің интернетте [tengebai.kz](http://tengebai.kz) мекенжайы бойынша жайғастырылған ресми сайты.

**Скоринг** - Өтінім берушінің/Қарыз алушының несиені өтеу қабілетіне сандық статистикалық әдістерге негізделумен баға беру жүйесі.

## **2-тарау. Жеке кабинетті тіркеу, өтініш беру, шағын несиені беру тәртібі**

### **3-бап. Жеке кабинетті тіркеу, өтініш беру**

1. Өтінім беруші шағын несиені ұсыну туралы Өтінімді берудің алдында осы Ережелермен танысып шығуы қажет.
2. Шағын несиені алу мақсатында Өтінім беруші төмендегі іс-қимылдарды жүзеге асыруы тиіс:
  - a. Қарыз берушінің сайтында немесе ұялы қосымшасы арқылы жеке кабинетін тіркеу. Өтінім беруші жеке кабинетін тіркеу үшін төмендегідей деректерді енгізеді:
    - ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі;
    - жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тегі, есімі, әкесінің есімі (болса);
    - жеке сәйкестендіру нөмірі;
    - жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күшін сақтау мерзімі;
    - клиенттің банкілік шотының деректемелері (IBAN) және/немесе төлем картасының деректемелері (шағын несиелерді терминалдар арқылы ұсынған жағдайларды санамағанда);
    - жеке басын куәландыратын құжаттың фотосуреті;
    - Өтінім берушінің ақшыл тұста бейтарап бет әлпетімен және аузын жауып түскен фотосуреті.
    - Қарыз беруші қосымша өзге түрдегі ақпаратты сұратуы мүмкін.
  - Клиентті жеке кабинетте тіркеу клиентті жеке кабинетте сәйкестендіру мен анықтап тану әдістерінің бірі арқылы жүзеге асырылады:
    - Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыру орталығымен ұсынылған электронды цифрлық қолтаңба;
    - СДАО қызметтерін пайдалану арқылы биометриялық сәйкестендіру.
  - b. Сайтта/ұялы қосымшада жайғастырылған Өтінішті/Офертаны толтыру. Өтінім беруші шағын несиені ұсыну туралы өтінішін жіберу арқылы іс-қимыл қабілетінен

айырылмағанын және оның шектелмегенін, біреудің қамқорлығында, қорғауында, патронажында тұрмағанын растайды.

3. Қарыз беруші шағын несиені ұсыну туралы өтінішті Өтінім беруші/Өтінім келесі шарттарға сай болған жағдайда қарастыруы мүмкін:
  - Қазақстан Республикасы азаматтығының немесе шетелдік азаматтың ықтиярхатының болуы;
  - тіркелген ұялы телефон нөмірінің болуы;
  - Өтінім беруші өтінімді ұсыну сәтінде 18 жасқа толған және 75 жастан аспаған;
  - Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты түрде тіркелуі;
  - қарыздық қаражаттан өзге қаржыны қамтитын табысының болуы;
  - Өтінім беруші/Қарыз алушы бойынша жағымсыз ақпараттың болмауы;
  - Өтінім берушінің/Қарыз алушының несиелік тарихында займдар бойынша ағымдағы мерзімі кешіктірілген берешектің болмауы.
4. Қарыз берушінің сұратуы бойынша Өтінім беруші Қарыз берушімен белгіленген әдістермен төмендегілерді ұсынуы тиіс:
  - Өтінім беруші туралы ақпаратты ұйымдарға (Несиелік бюролар, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ және өздерінен Өтінім берушінің төлем қабілеті мен несиені өтеу қабілетін талдау шеңберінде ақпарат сұратылып отыратын өзге мемлекеттік/мемлекеттік емес ұйымдар) ұсынуға – олардан мұндай ақпарат алуға келісім беру;
  - Қажетіне қарай Қарыз берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, басқа да қосымша құжаттарды ұсыну;
5. Қарыз беруші Өтінім берушінің төлем қабілеті мен несиені өтеу қабілетін бағалайды, сондай-ақ несиелік, заңгерлік тәуекелдерді бағалайды, сондай-ақ Өтінім берушінің тарапынан алаяқтықтың туындау тәуекелдеріне баға береді;
6. Қарыз беруші сайтта немесе ұялы қосымшада жайғастыру арқылы Өтінім берушіге Шағын несие ұсыну туралы келісімшартының үлгілік нысанын өзінде шағын несиені өтеу әдісін көрсете отырып, танысу үшін ұсынады;
7. Өтінім беруші сайтта немесе ұялы қосымшада ақшалай қаражаттарды алудың төменде көрсетілген әдістерінің бірін таңдайды:
  - Ақшалай қаражаттарды Өтінім берушінің банкілік шотына немесе төлем карточкасына аудару;
  - Қарыз берушінің сайтында/ұялы қосымшасында суреттелген өзге қолжетімді әдіспен.
8. Қарыз беруші оң шешім қабылдаған жағдайда Келісімшартты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қарыз берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өзге қажетті құжаттарды жасасады;
9. Ақша Өтінім берушінің осы Ережелердің 11-тармағында көрсетілген шағын несиені алудың тандалған әдісіне сәйкес беріледі.
10. Өтінім беруші жоғарыда көрсетілген ақпаратты ұсыну арқылы оның ұсынған деректерінің барлығы толық, шүбәсіз болып табылатынын және осы Ережелердің талаптарына сай келетінін растайды.
11. Шағын несиені электронды әдіспен ұсынумен байланысты, сонымен бірге Келісімшарт жасасумен, шағын несиені қайтарумен, шағын несие бойынша ақпарат алумен, шағын несиенің мерзімін ұзартумен және т.б. операциялардың барлығы Өтінім берушінің/Қарыз алушының сайттағы жеке кабинетінде, сондай-ақ ұялы қосымшасында жүзеге асырылады.
12. Өтінімше/Офертаға және шағын несиені ұсыну үшін қажетті келісімдерге қол қою үшін Қарыз беруші Қосфакторлық анықтап тану шарасын қолданады. Қосфакторлық анықтап тану кезінде құпияөз өндіріледі және Өтінім берушінің жеке басын оның жеке басын куәландыратын құжаттағы суретімен бірге тексеруді және растауды қамтамасыз ететін бағдарламалық қамту қолданылады. Сонымен қатар, бағдарламалық қамту Өтінім берушінің қағаз бетінде басылған бетін пайдаланудан қорғауды және бейнедеректі немесе фотосуретті өзге шалғай құрылғыдан көшіріп шығару мүмкіндігінен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Қосымша нұсқаулық қарыз берушінің сайтында берілген.
13. Өтінім берушінің осы Ережелердің 8-тарм. көрсетілген келісімі болған жағдайда, сондай-ақ өздерімен Келісімшарт жасалған деген шартпен Өтінім берушінің деректерін биометриялық тексеру, верификаттау, скорингілік тексеру саласында қызмет көрсететін

«Бірінші несиелік бюро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және т.б. сияқты бөгде ұйымдардың қызметін/сервистерін пайдалануға жол беріледі.

#### **4-бап. Өтінімді/Офертаны қарастыру тәртібі**

14. Өтінімді/Офертаны алу Қарыз алушыны Келісімшарт жасасуға міндеттемейді.
15. Өтінімді/Офертаны қарастыру мерзімін Қарыз беруші өз бетінше белгілейді, бұл жағдайда ол Өтінім берушінің Өтінімді/Офертаны қарастыру үшін толық ақпаратты және құжаттарды ұсынған сәтінен бастап 15 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.
16. Шағын несиені ұсыну туралы өтінімге экспертиза сонымен қатар Өтінім берушіден алынған деректерге, сондай-ақ несиелік бюролардан, "Бірыңғай зейнетақы жинақтау қоры" АҚ-дан Өтінім беруші туралы алған деректерге негізделумен, скорингтік жүйе арқылы жүзеге асырылады.
17. Қарыз беруші шешім қабылдау үшін Өтінім берушіден Өтінімде/Офертада көрсетілген байланыс деректері бойынша қоңырау шалумен немесе басқа қолжетімді әдіспен қосымша ақпаратты сұратуға, аталған деректерді тексеруге, өз ұйғарымы бойынша ұсынылған ақпараттың шүбәсіздігін растау мақсатында келесідегідей қосымша құжаттарды сұратуға құқылы: жеке куәлігінің деректері, тіркелген және тұрғылықты мекенжайы, отбасылық жағдайы, 3 және 12 ай аралығындағы ресми табысы бойынша деректер, коммуналдық қызметтер, телекоммуникациялық қызметтер бойынша шығындардың орташа айлық сомасы, жылжымалы және жылжымайтын мүліктің болуы туралы мәліметтер, ай сайынғы шығындары мен табысы туралы мәліметтер, ҚР банкілерінде несиелерінің болу-болмауы туралы мәліметтер және Өтінім бойынша шешім қабылдау үшін қажетті өзге түрдегі ақпарат.
18. Қарыз беруші Өтінім берушіден алынған жиынтық ақпараттың негізінде оған шағын несиені ұсыну туралы немесе шағын несиені ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.
19. Қарыз беруші Өтінім/Оферта осы Ережелердің талаптарына сай болмаған жағдайда және/немесе төмендегі жағдайлардың бірі орын алған жағдайда шағын несиені ұсынудан бас тартуға құқылы:
  - Өтінім берушінің жалған, толық емес мәліметтерді ұсынуы;
  - Өтінім берушінің сұратылған құжаттарды ұсынбауы немесе Өтінім берушінің ұсынған құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және/немесе осы Ережелердің талаптарына сай емес;
  - Өтінім берушінің Қарыз берушінің алдында күші бар міндеттемелерінің болуы;
  - Қарыз алушының Өтінім беруші жайлы, сонымен бірге оның несиелік тарихы жайлы жағымсыз ақпарат алуы;
  - Қарыз алушының міндеттемелерін орындамауына әкеп соқтыратын өзге себептер.
20. Қарыз беруші Өтінім берушіге өзінің қабылдаған шешімі туралы кез келген қолжетімді әдіспен, сонымен бірге Өтінімде/Офертада көрсетілген байланыс деректері бойынша смс-хабарлама/хабарландыру жіберумен және/немесе қоңырау шалумен хабарлайды.

#### **5-бап. Шағын несие ұсыну туралы келісімшартты жасасу тәртібі**

21. Қарыз алушы мен Өтінім берушінің өзара келісімшарт жасасуы құпиясөздерді өндіру және енгізу арқылы немесе анықтап тану белгілерінің кем дегенде бірін (токен, смарт -карт, біржолғы құпиясөздер) қолданумен жүзеге асырылады.
22. Қарыз беруші шағын несиені ұсыну туралы оң шешім қабылдаған жағдайда ол Өтінім берушіге біржолғы құпиясөзі бар смс-хабарлама жібереді. Құпиясөз Қарыз берушінің сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Өтінім берушінің жеке кабинетінде теріледі.
23. Өтінім беруші құпиясөзді енгізу арқылы өзінің Келісімшартты жасасуға деген ниетін білдіріп және Офертамен келіскен жағдайда Келісімшартқа қол қойғанын растайды.
24. Шағын несие Қарыз берушінің банкілік шотынан Қарыз алушының банкілік шотына/төлем картасына ақша аудару арқылы немесе Өтінім берушінің Қарыз берушінің сайтында / ұялы

қосымшасында таңдаған Қазақстан Республикасының заңнамасына кереғар болмайтын өзге әдіспен ұсынылады.

25. Қарыз алушының ақшалай қаражаттарды алу мерзімі Келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайды.
26. Келісімшарт шағын несиенің сомасы Қарыз алушыға аударылған күннен бастап жасалған деп саналады және Қарыз алушының тарапынан міндеттемелер толығымен орындалған сәтке дейін күшінде болады.

### **3-тарау. Шекті сомалар, мерзімі, сыйақы мөлшерлемелері, тұрақсыздық айыппұлы. Несиелік құжаттаманы қалыптастыру**

#### **6-бап. Шекті сомалар және несиелендіру мерзімі**

27. Шағын несиенің шекті сомасы – бір Қарыз алушыға қатысты республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржылық жылға арнап белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселік мөлшерінен аспайды.
28. Шағын несиенің шекті ұсынылу мерзімі - 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейін.

#### **7-бап. Ұсынылатын шағын несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары**

29. Сыйақының шекті мөлшерлемесі берілген шағын несие сомасының 25 (жиырма бес) пайызын құрайды. Бұл жағдайда Қарыз беруші несиелендіру шарттарын жақсарту мақсатында Өтінім берушінің шағын несиесінің сыйақы мөлшерлемесі бойынша жеңілдік ұсынып отыруға құқылы.  
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы №209 Қаулысына сәйкес, жеке тұлғамен жасасқан шағын несиені ұсыну туралы келісімшарты бойынша сыйақының шекті мәні берілген несие сомасының 25 (жиырма бес) пайызынан аспауы тиіс.

#### **8-бап. Ұсынылатын шағын несиелер бойынша сыйақы төлеу тәртібі**

30. Қарыз алушы шағын несиені пайдаланғаны үшін Қарыз берушіге Келісімшартта белгіленген мөлшерде сыйақы төлеуге міндетті.
31. Сыйақы Келісімшартта көрсетілген шағын несиенің сомасына қатысты есептеледі және шағын несие сомасын қайтарумен бірге осы Ережелер мен Келісімшартпен белгіленген шарттармен есептеледі.

#### **9-бап. Тұрақсыздық айыппұлын есептеу тәртібі және мерзімі кешіктірілген берешекті өтеу кезектілігі**

32. Шағын несие бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша кез келген төлемдерді өтеу міндеттемесін орындау мерзімі кешіктірілген жағдайда тұрақсыздық айыппұлы мерзімі кешіктірілген күннен бастап бірінен кейін бірі 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге арнап есептеледі;
33. Шағын несиенің сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін тұрақсыздық айыппұлының (өсімпұлдың) мөлшері мерзімін кешіктірген әр күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5%-ын құрайды.
34. Қарыз алушының Келісімшарт бойынша жүзеге асырған төлемінің сомасы егер ол Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткілісіз болса, Қарыз алушының берешегін төмендегідей реттілікпен өтейді:
  - 1) негізгі борыш бойынша берешек;
  - 2) сыйақы бойынша берешек;





- 3) шағын несиені ұсыну туралы келісімшартымен белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық айыппұл (айыппұл, өсімпұл);
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі бойынша негізгі борыштың сомасы;
- 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі бойынша есептелген сыйақы;
- 6) ШҚҰ-ның орындауға ие болуға қатысты шығындары.

Осы тармақпен белгіленген талаптардың күші Қазақстан Республикасының 2012 ж. 26 қарашадағы № 56-V «Шағын қажылық қызмет туралы» заңының 4-бабының 3-1 тармағында (01.10.2021 ж. өзгертулермен) көрсетілген шағын несиені ұсыну туралы келісімшартына тарамайды.

### **10-бап. Шағын қаржылық ұйымының қамтамасыз ету мүлкіне қатысты қоятын талаптары**

35. Шағын несие Қарыз алушыға ұлттық валютамен, қамсыздандыру затынсыз, төлену, мерзімін белгілеу және қайтарылу шарттарымен ұсынылады.

### **11-бап. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері**

36. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – шағын несие бойынша шүбәсіз, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі мөлшерлеме, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы №209 Қаулысымен бекітілген Ұсынылатын шағын несиелер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелеріне сәйкес есептеледі.
37. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі есеп-қисабы келесі жағдайларда жүргізіледі:
  - 1) Келісімшартты, шағын несиені ұсыну туралы келісімшартына қосымша келісімдерді жасасу күніне қатысты;
  - 2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талап етуі бойынша;
  - 3) Келісімшартқа Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруін тудыратын өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда. Қарыз алушы Келісімшарттың шарттарына сәйкес шағын несиенің сомасын қайтарып және есептелген сыйақыны қайтарып беруге міндетті.
38. Ұсынылатын шағын несиелер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұндағы:

- n - Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;
- j - Қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі; S<sub>j</sub> - Қарыз алушының j-ші төлемінің сомасы;
- APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;
- t<sub>j</sub> – шағын несие ұсынылған күннен бастап Қарыз алушының j-ші төлемінің сәтінә дейінгі уақыт кезеңі (күн саны);
- m - Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;
- i - Қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі; P<sub>i</sub> - Қарыз алушының i-нші төлемінің сомасы;
- t<sub>i</sub> - шағын несие ұсынылған күннен бастап Қарыз алушының j-ші төлемінің сәтінә дейінгі уақыт кезеңі (күн саны).

39. Шағын несие бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есеп-қисабына Қарыз алушының Келісімшарттың негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу шарттарын ұстанбауына байланысты туындаған төлемдерден (өсімпұлдардан, айыппұлдардан) басқа оның барлық төлемдері енгізіледі.

## **12-бап. Несиелік құжаттаманы қалыптастыру**

40. Қарыз беруші Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы №209 Қаулысының талаптарына сәйкес электронды түрде несиелік құжаттаманы әзірлейді.
41. Несиелік құжаттама Қарыз алушының Қарыз берушімен бірінші Келісімшартқа қол қойған күні ашылады.
42. Несиелік құжаттама келесі құжаттарды қамтиды:
- 1) Шағын несиені ұсыну туралы Өтініш/Оферта;
  - 2) Өтінім берушінің/Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжат (Өтінім берушінің/Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, өзінде оның тегі, есімі, әкесінің есімі (болса) көрсетілген ақпарат, жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі бар резиденттер мен бейрезиденттер үшін), туған күні, құжаттың нөмірі, беруші орган, құжаттың берілген күні және күшін сақтау мерзімі);
  - 3) Шағын несиені ұсыну туралы келісімшарт;
  - 4) Келісімшартқа қосымша келісімдер;
  - 5) Шағын қаржылық ұйым мен Қарыз алушының өзара хат алысуы;
  - 6) Келісімшарт бойынша берешектің толығымен немесе ішінара өтелуін растайтын, шағын несиені өтеу көзі көрсетілген құжаттар (немесе) олардың көшірмелері;
  - 7) Несиелік тарих субъектісінің өзі жайлы ақпаратты несиелік бюроларға ұсынуға келісімінің алынғанын растайтын ақпарат;
  - 8) Несиелік тарих субъектісінің несиелік есеп беруді несиелік есеп беруді алушыға ұсынуға келісімінің алынғанын растайтын ақпарат.
43. Қарыз беруші несиелік құжаттаманы жүргізіп, оны өзекті қалпында ұстап, сондай-ақ құжаттардың толықтығын қамтамасыз етеді.

## **4-тарау. Алынған несие бойынша қызмет көрсету**

### **13-бап. Шағын несиені өтеу тәртібі мен әдістері, шағын несиенің шарттарын өзгерту**

44. Қарыз алушы Келісімшарттың шарттарына сәйкес шағын несиенің сомасын қайтарып және есептелген сыйақыны төлеуге міндетті.
45. Қарыз алушының шағын несие бойынша берешекті келесі әдістермен төлеуге мүмкіндігі бар:
- 1) Қарыз берушінің банкілік шотына ақшаны қолма-қол ақшасыз түрде аударумен – комиссияның мөлшері екінші деңгейдегі банкінің тарифтеріне сәйкес белгіленеді және оны Қарыз алушы өз есебінен төлейді;
  - 2) Сайттағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетте банкілік картамен төлеу арқылы – комиссияның мөлшері процессингілік орталықтың тарифтеріне сәйкес белгіленеді және оны Қарыз алушы өз есебінен төлейді;
  - 3) Ақшаны төлемдік (электронды) терминалдар арқылы төлеумен – комиссияның мөлшері терминалдық желілердің тарифтеріне сәйкес белгіленеді және оны Қарыз алушы өз есебінен төлейді;
46. Қарыз алушы берешекті Қарыз берушіге жіберілген өтініштің негізінде Қарыз берушінің сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы жеке кабинет арқылы толығымен немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеп отыруға құқылы.
47. Қарыз алушыдан алынған ақша берешекті төмендегідей реттілікпен өтеуге жұмсалады:
- 1) Қарыз берушінің келісімшарт бойынша міндеттемелерді өтеумен байланысты шығындары,

- 2) Шағын несиені ұсыну туралы келісімшартымен белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық айыппұлы (өсімпұл, айыппұл) (болса);
  - 3) Төлемдердің ағымдағы кезеңі бойынша есептелген сыйақы;
  - 4) Негізгі борыш (шағын несиенің сомасы).
48. Әрекеттегі шағын несиенің шарттары Қарыз берушінің сайтында немесе ұялы қосымшасында өтініш беру арқылы өзгертіледі.
49. Келісімшарттың әрекеттегі шарттарына өзгертулер Келісімшартқа тиісті қосымша келісімдер жасасу арқылы енгізіледі.

#### **14-бап. Мерзімі кешіктірілген берешекпен жұмыс істеу тәртібі**

50. Шағын несиенің сомасын және қоса есептелген сыйақыны Келісімшартпен көзделген мерзімде уақытында қайтармағаны үшін Қарыз алушы мерзімін кешіктірген әр күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5%-ы көлемінде тұрақсыздық айыппұлын (айыппұл, өсімпұл) төлеуге міндетті, ол Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, өнімнің шарттарына қарай есептеледі және шағын несиені ұсыну туралы келісімшарттарда көрсетіледі.
51. Қарыз алушының тұрақсыздық айыппұлын (айыппұл, өсімпұл) төлеуі оны Келісімшарт бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.
52. Қарыз беруші Келісімшарт бойынша мерзімін кешіктіру туындаған жағдайда Қарыз алушы шағын несиені қайтарудың және сыйақыны төлеудің белгіленген мерзімін қырық күнтізбелік күннен артық мерзімге кешіктірген жағдайда шағын несиені мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы.
53. Бұзылған құқығы мен өзінің заңды мүддесін қорғау үшін сот органына жүгіну.
54. Қарыз беруші тұрақсыздық айыппұлының, сыйақының мөлшерін азайту жағына қарай өзгерту туралы шарттарды біржақты тәртіппен өзгертіп отыруға құқылы.
55. Қарыз алушы шағын несиені қайтару міндеттемелерін бұзған жағдайда, сонымен бірге оның мерзімін кешіктірген жағдайда Қарыз беруші өзінің ұйғарымы бойынша берешекті өндіріп алуға арнап шара қабылдауға, сонымен бірге төмендегі шараларды қабылдауға құқылы:
- 1) Соттан тыс тәртібімен реттеу;
  - 2) Сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікті тарту. Берешек коллекторлық агенттіктің сотқа дейінгі өндіріп алу мен реттеуінде болған кезеңде Қарыз берушінің берешекті өндіріп алу туралы шағымталаппен сотқа жүгінуге, берешекпен коллекторлық агенттік жұмыс жүргізіп жатқан кезең бойынша сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ аталған кезеңде негізгі боршы пен сыйақыны уақытында өтемегені үшін тұрақсыздық айыппұлын (айыппұл, өсімпұл) есептеуге құқы болмайды.
  - 3) Орындау жазбасын ресімдеу үшін нотариусқа жүгіну;
  - 4) Шағымталаппен немесе соттың бұйрығын шығару туралы өтінішпен сотқа жүгіну;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес құқығын өзге тұлғаға ұсыну (цессия) келісімшартын жасасу арқылы құқықтарын үшінші тұлғаға ұсыну;
  - 6) Шағын несиенің қайтарылу мерзімінің бұзылуы туралы деректерді несиелік бюроларға беру;
  - 7) Төленбеген берешекті сот тәртібімен өндіріп алу.

#### **5-тарау. Өтінім берушінің, Қарыз алушы мен Қарыз берушінің құқықтары мен міндеттері. Қорытынды ережелер**

#### **15-бап. Өтінім берушінің, Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері**

56. Өтінім берушінің құқықтары:
- 1) Қарыз берушінің шағын несиелерді ұсыну бойынша қолданыстағы Ережелерімен, тарифтерімен танысып шығу;

- 2) Шағын несиені алумен, ол бойынша қызмет көрсетумен және оны өтеумен (қайтарумен) байланысты төлемдер туралы толық және шүбәсіз ақпарат алып отыру;
  - 3) Шағын несиені ұсыну туралы келісімшартын жасасудан бас тарту.  
Өтінім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережелердің шарттарына сәйкес өзге де құқықтарға ие болады.
57. Өтінім беруші Қарыз берушіге кейінгісінің шағын несиені беру туралы шешім қабылдау үшін сұратып отырған құжаттары мен мәліметтерін ұсынуға міндетті.
58. Қарыз алушының құқықтары:
- 1) Қарыз берушінің шағын несиелерді ұсыну бойынша қолданыстағы Ережелерімен, тарифтерімен танысып шығу;
  - 2) Шағын несиені Келісімшартпен белгіленген тәртіп пен шарттармен жұмсауға;
  - 3) Өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен қорғап отыру;
  - 4) Қарыз берушіге Келісімшарт бойынша ұсынылған шағын несиенің сомасын мерзімінен бұрын толығымен немесе ішінара қайтарып беру;
  - 5) өзі жасасқан шағын несие ұсыну туралы келісімшарт бойынша талап ету құқығы өзге тұлғаға ұсынылған жағдайда келіспеушіліктерді реттеу үшін банкілік омбудсманға жүгіну;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Келісімшартпен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.
59. Қарыз алушының міндеттері:
- 1) алған шағын несие мен ол бойынша сыйақыны Келісімшартпен белгіленген тәртіп пен мерзімде қайтару;
  - 2) Қарыз берушінің осы Ережелерге сәйкес сұратып отырған құжаттары мен мәліметтерін ұсынып отыру;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Келісімшартпен белгіленген өзге де талаптарды орындап отыру.

## **16-бап. Қарыз берушінің құқықтары мен міндеттері**

60. Қарыз берушінің құқықтары:
- 1) Келісімшарт бойынша талап ету құқығын "Шағын қаржылық қызмет туралы" заңының 9-1 бабының 4 және 5 тармақтарында көрсетілген тұлғаға ұсыну;
  - 2) Қарыз алушыдан (Өтінім берушіден) онымен Келісімшарт жасасу және ол бойынша Ережелермен белгіленген міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратып отыру;
  - 3) Қарыз алушының өтінімі бойынша тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банкілер арқылы шағын несиені үшінші тұлғаның атына аударып отыру;
  - 4) Қарыз алушыға, Өтінім берушіге алдағы уақытта берешекті өтеу және шағын несиемен байланысты өзге шараларды жүзеге асыру қажеттігі туралы, нақандық, жаңа ұсыныстармен және маркетингілік қызмет шеңберіндегі өзге ақпаратпен СМС-хабарламалар, электронды поштасына хаттар жіберіп отыру;
  - 5) Қарыз алушының, Өтінім берушінің тиісті келісімі болған жағдайда Қазақстан Республикасының несиелік бюролар және несиелік тарихтарды қалыптастыру туралы заңнамасымен белгіленген тәртіп пен шарттармен қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар несиелік бюроларға несиелік тарихтарды қалыптастыру үшін қажетті ақпаратты ұсынып отыру;
  - 6) Қарыз алушының, Өтінім берушінің тиісті келісімі болған жағдайда несиелік бюролардан ақпаратты сұратып/алып отыру;
  - 7) Қарыз алушының, Өтінім берушінің тиісті келісімі болған жағдайда оның дербес деректерін тексеріп және өңдеп отыру;

- 8) Қарыз алушының жасасқан Келісімшартқа сәйкес қабылдаған міндеттерін тиісті түрде орындауын талап ету;
  - 9) Қарыз алушының, Өтінім берушінің тиісті келісімі болған жағдайда мерзімі кешіктірілген берешекпен жұмыс істеген кезде оны фотосуретке түсіру, сондай-ақ несиелендіру, верификаттау процесін бақылау мақсатында онымен сөйлесудің дыбыстық және бейне жазбасын жасап отыру;
  - 10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жасасқан Келісімшарттың шарттарына сәйкес өзге де құқықтарға ие болу.
61. Қарыз беруші төмендегідей міндеттерді арқалайды:
- 1) Орналасқан жері өзгеріп немесе атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға, сондай-ақ Қарыз алушыларға (Өтінім берушілерге) Қарыз берушінің орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспасөзде тиісті ақпарат берумен, сондай-ақ Қарыз алушының (Өтінім берушінің) – жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша осындай өзгерістер орын алған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлау;
  - 2) Шағын несиелерді ұсыну ережелерінің көшірмесін Қарыз алушының (Өтінім берушінің) көріп және танысуы үшін қолжетімді болатын жерде, сонымен бірге Қарыз берушінің сайтында, ұялы қосымшасында жайғастыру;
  - 3) Қарыз алушыларға шағын несиені алумен, ол бойынша қызмет көрсетумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты төлемдер туралы толық және шұбәсіз ақпаратты ұсынып отыру;
  - 4) Қарыз алушыны (Өтінім берушіні) оның шағын несиені алумен байланысты құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етіп отыру;
  - 5) қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" заңына сәйкес мәліметтерді ұсынып отыру;
  - 6) шағын несиені ұсынудың құпиялылығын ұстанып отыру;
  - 7) уәкілетті органның салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында жетекшілік ететін мемлекеттік органмен келісілген түрде бекіткен ережелеріне сәйкес ұсынылған шағын несиелер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді жіктемелеп және оларға қарсы провизия (резерв) құрып отыру.
  - 8) пруденциалды нормативтерді және ұстанылуы шарт өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды уәкілетті органмен белгіленген есептеу әдістемелерін ұстанып отыру;
  - 9) шағын қаржылық ұйымның Қарыз алушысының уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу тәртібі мен шекті мәнін ұстанып отыру.
  - 10) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өзінің тізімі, нысандары, ұсынудың мерзімі мен тәртібі уәкілетті органмен келісілген түрде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленетін қаржылық және өзге түрдегі есептілікті ұсынып отыру;
  - 11) уәкілетті органмен анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын жойып отыру;
  - 12) Қазақстан Республикасының "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" заңымен көзделген жағдайларда шағын несиені ұсынудан бас тартып отыру;
  - 13) ақпаратпен алмасу және оны сақтау кезінде Қарыз алушының дербес деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отыру; клиенттің қағаз бетіне басылған бет әлпетінің

- суретін қолданудан қорғау; бейнені немесе фотобейнені өзге шалғай құрылғыдан қайта шығару мүмкіндігінен қорғау;
- 14) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен белгіленген өзге де талаптарды ұстанып отыру.
62. Қарыз берушінің төмендегідей іс-қимылдарды жүзеге асыруға құқы жоқ:
- 1) сыйақы мөлшерлемелерін (оларды азайту жағдайларын санамағанда) және (немесе) шағын несиені өтеу әдісі мен тәсілін біржақты тәртіппен өзгертіп отыруға;
  - 2) кепілсіз банкілік займдар мен шағын несиелер бойынша алпыс күнтізбелік күннен асатын мерзімі кешіктірілген берешегі бар жеке тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржылық жылға арнап белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселік мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде шағын несие беріп отыруға.
  - 3) Қарыз алушыға (Өтінім берушіге) шағын несие бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыппұлынан (айыппұл, өсімпұл) басқа кез келген төлемдерді белгілеп және алып отыруға;
  - 4) шағын қаржылық ұйымға шағын несиенің сомасын толығымен немесе ішінара қайтарып берген, тұрақсыздық айыппұлын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыдан шағын несиені мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін өзге төлемдерді талап етіп отыруға;
  - 5) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен қатысы жоқ жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыға шағын несие бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша кез келген төлемдерді өтеу міндеттемесін орындау мерзімі кешіктірілген бірінен кейін бірі тоқсан күнтізбелік күннен кейін тұрақсыздық айыппұлын (айыппұлды, өсімпұлды) қосып есептеп және оны төлеуін талап етіп отыруға.

## **17-бап. Қорытынды ережелер**

63. Осы Ережелер оларды "TodayFinanceKazakhstan" шағын қаржылық ұйымы" ЖШС-ның атқарушы органы Жарғыға сәйкес және оның негізінде бекіткен күннен бастап күшіне енеді.
64. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қарыз берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешіледі.
65. Осы Ережелерге кез келген түрдегі өзгертулер мен толықтыруларды "TodayFinanceKazakhstan" шағын қаржылық ұйымы" ЖШС-ның атқарушы органы Жарғыға сәйкес және оның негізінде бекітеді.